

Егемен Қазақстан

Өнер – құдірет



Ұлан-ғайыр далада ғасырлар бойы салтанат құрған бабаларымыздың байтақ шежіресі мен шерінің, даналығы мен даралығының асыл бір кенішті саласы; өлмес, өшпес алтын қазынасы, сыр сандығы – Жетісу өңірінің әндері мен күйлері. Тегінде, жыраулық, ақындық дәстүрі ерекше дамыған ел ән мен күйден де, шүкір, құралақан болған емес.

Ілгеріде қалың елге пана, қорған болған Сұраншы дүние салып, Жетісудың жайсаңы мен жақсысы түгел келіп көңіл айтқанда, батырдың анасы ағайынға шағынып көп жыласа керек. Сонда Бердібек күйші мұңды, ұзақ күй тартып:

– Бәйбіше,

Бір күндері сауыны келген биедей едің,
Бұл күнде ботасы өлген түйедей болдың.
Кедейбайың Сұранышыңдай болмай ма,
Орта түскен құрсағың толмай ма?

Кедейбай да ер жетер,
Жылай берсең ел кетер.

– деп, басу айтқан екен.

Бердібек айтқандай, Кедейбай ер жетіп, бертінде болыс болған, ал дәл сол жолы Шөже, Бақтыбай, Түбек, Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік, Майкөт, Құлыншақ секілді ығай мен сығайды ұйытқан Бердібектің күйлері өкініші бізге жетпеді.

Кененнің айтуынша, жолаушылап келе жатқан Бердібектің құлағына күй естіледі. Тұра қалып тындаса, атақты күйші Байсерке Майбұлақты өрлеп күй тартып барады екен:

– Ассалаумағалейкум, аға, – деп Бердібек сәлем беріпті. Сәлемін алмапты. Соңынан ілесіп жүре беріпті. Ұзақ жүріп, Майбұлақтың басына жеткенде:

– Қарағым, «Ұран» күйдің басында кез боп ең, жаңа ғана аяқтадым – деген екен Байсерке. Сәкелік жерге дейін таусылмаған сол күйдің түпнұсқасы қандай болды екен, шіркін десейші!

Әзірге тарихта аты сақталып бізге жеткен сол Жетісу күйшілерінің ең ұлысы Байсерке күй шалғанда, тау теңселіп, бұлт көшіп, қанатты қонып, тұяқты тұра қалып тындайды екен.

Байсерке көбіне аңыз-күйлер шығарып, олардың әрқайсысын сала-салаға бөліп тартатын болған. Бізге жеткен күйлерінен «Ұран», «Қалипа-Қалыш», «Ат ойын», «Жекпе-жек», «Төрт қарға», «Тұл қатын», «Жетпіс бұтақ» аталады. «Жетпіс бұтақ» күйін, жыраулардың эпосты айтқанындай, кешкісін бастап, ертеңіне аяқтайды екен.

Мен бұл әңгімелерді кезінде Кенен Әзірбаевтың өз аузынан естіген едім.

– Жетісуда аты аңызға айналған небір айтулы әнші де, күйші де өтті ғой дүниеден. Дәурен сал Іледен өткенде белбеуінің бір ұшы Іленің ар жағында қалады екен, – деуші еді жарықтық.

«Ел іші – кеніш», деген емес пе? Жетісу да Арқа, Атырау секілді жаныңды баурап, сан алуан сезімге бөлейтін тамылжыған әннің де, жібектей есілген күйдің де алтын бесігі болған.

Жоғарыда айтқан Байсерке Қылышұлынан басқа Қанаданның, Жамбылдың, Мергенбайдың, Жолдыбайдың, Тілендінің күйлері; Қожеке Назарұлының «Мұңлық», «Қамбархан», «Жиренше», «Зар», «Кері толғау»; Сыбанкүл Қалбасұлының «Көксерке», «Ақсақ қыз»; Темірбек Ахметовтің «Шернияз», «Жетім бала»; Қатшыбай Таубаевтың «Бала Мишка»; Мәді Шәутиевтің «Зар Қосбасар», «Желдірме», «Қоңыр» күйлері; бертіндегі Нұрғиса Тілендиевтің «Аққуы», «Ата толғауы», «Қош керуені»; Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқымы», «Көкіл», «Саржайлау», «Көкейкесті», «Баламайсаң», «Байжұма» секілді қазақ күйлерінің байтақ бір саласын құрайтыны ақиқат. Бұл ауызға түскені, ал аталмағаны қаншама.

Менің байқауымша Жетісу өлкесінде ақындығын әншілігінен, әншілігін ақындығынан бөліп алуға болмайтын әнші-ақындар өте көп болған. Бұл дағы ерекше мән беретін құбылыс. Ондай белгілі әнші-ақындардың қатарына Ашаның алты салы Сауытбек, Әтибек, Жидебай, Балқыбек, Қайрақбай және Айкүміс, Сара, Әлмен, Баян, Ләтипа, Шәлипа, Жаңылдық, Кенен, Бармақ, Пішан, Қапез, Сәдіқожа, Шалтабай, Қалқа, Төреқожа, Мәді, Әсімхан жатады.

Жетісудың ақындарының біразы дәстүр бойынша Сүйінбайдың нағашысы, атақты Қабан жыраудың әуенімен айтқан; Мәді көбінесе Нартайдың мақамымен айтушы еді және бұл мақам Нартайдан әлдеқайда бұрын келе жатыр деуші еді. Кешегі өткен ыңғай жақсының сарқыты Әсімхан Қосбасаров кейде Сүйінбайдың, кейде Қожантайдың мақамымен айтатын.

Пішан заманында оркестр құрған дегенді баяғыда Талдықорғанда бір қариядан естіген едім, оны да бүгінде діттеп жатқан адам жоқ. Тағдыры да аянышты осы бір ғажайып ақынның қалың қазаққа танылмай келе жатқаны да өкінішті-ақ.

Кезінде менің Жетісу ақындарын зерттегенімді қалың жұрт біледі деп ойлаймын. Музыка зерттеушісі болмаған соң бұл салаға мен тереңірек барғаным жоқ және мүмкіндігім де болмады.

1972 жылы Таластан – Төреқожаны, Сарысудан Мәдіні Жамбылдың 125 жылдығына алдыртып, бір апта үйге жатқызып, Ұлы жүздің, Қаратау өңірінің біраз ескі әуендерін жазып алған едім, олардың да бүгінде не болып жатқанын білмеймін. Мәдінің:

Есік алды Көлқайнар,
Көлқайнарды ел жайлар,
Екі жақсы қосылып,
Қай уақта бел байлар.

– деген әуені әлі күнге дейін құлағымда тұр. «Зар Қосбасар», деп бастап, күйді де екпіндетіп тартушы еді. Көзіміз көре қалған, қалақтай домбырамен сай-сүйегінді сырқыратып күй тартатын, қай-қайдағыңды қозғайтын Сүгір, Әйтпенбет, Шәмшілдә, Боранқұл, Зиябек – бәрі де сол қасиетті Қаратаудың қойнауы мен асқақтаған Алатаудың баурайын алып жатқан бауырмашыл, мамыражай қалың елдің өнер мектебінен еді.

Сол замандағы күйлердің кейбір сарыны да, бүгінде айтыла бермейтін қайсыбір әндер де әлі менің құлағымда. Жыл озған сайын олар да көмескіленіп барады.

Менің шамамда Жамбылдың «Уғай-ай» дейтін әні албан Бөлек батырдың қызы Сараныкі секілді. Аса бір нәзік сезіммен сызылып айтылатын бұл әнді ер адам шығарды деу қисынға келмейді. Жамбыл Сараға ғашық болған. Өле-өлгенше қайран Сара деп үһілеп, осы әнді айтып отырады екен.

Көпшілік біле бермейтін Жамбыл мен Айкүмістің айтысындағы әуендер де жадымда. Кезінде маған анам Қалдықұл Рысқұлқызы үйреткен еді. Айкүмістің жібектей есілген әдемі әнін бертінде белгілі әншілеріміз Клараға, Ардаққа, Гүлмираға, Гүлзираға, Жазгүлге үйреткен едім. Мен қайбір әнші дейсің. Десе де біздің де білгенімізді музыка зерттеушілері жазып, нотаға түсіріп алса болар еді.

Күні кеше ортамызда ән болып өткен қалың қазақтың сүйікті әншісі Дәнештің де, бүгінде арамызда жүрген атағы көпке мәлім Аяздың да әншілік мұрасы ойдағыдай зерттелмей келеді. Жетісуда дәстүрі үзілмеген қобызшы-бақыстардың да қалың тобының болғанын ұмытпау керек. Солардың ішінен Қойлыбай мен Түктібайды көп атаушы еді.

Қысқасы, Жетісуды ән мен күйдің бесігіне бөлеген әншілер кезінде өте көп болған, бүгін де аз емес. Жібектей созылған, жаныңды баурап, рахат нұрын себелейтін осы елдің өз мінез-құлқына, табиғатына сай ән мұрасының көбі халық әні болып сақталды. «Долан-ай», «Бұлбұлым», «Шилі өзен қамыс-ай», «Жетісу жерім-ай», тағы басқа есебі жоқ көп әндер осы айтқанымыздың куәсі.

Кеше Ұлы Отан соғысы делінетін зар жылдары көз алдымызда туған әндер қаншама? Шу өңірінде Мұхиттың ата-анасына, қарындасы Күлзағираға арнап жазған хатына жұрт қолма-қол ән шығарып күңіреніп жатты. Менің де ауылдағы жеңгем Іңкәшай:

Аэроплан аспанда,
Айналып дәрі шашқанда,
Аман да болсаң келерсің
Германды Совет басқанда

– деп жарын іздеп, жылап отырып ән салғанда, тыңдап отырған елдің етегі көздің жасына толушы еді.

Соғыс жылдары жауыннан кейінгі қырдың қызғалдағындай шаңқобызшылардың ансамбльдері де қаптап шығып еді, олар да бүгінде із-түссіз кетіп барады. Біздің ауылдың қыздары шетінен шаңқобызшы болатын. Шаңқобыздың зарына салғанда жандүниен еріп сала беретін еді. Қыздар жиылып шаңқобыз тартқанда жұрт теңселіп, дала күңіренуші еді. Солар кімнен үйренді, сол зарлы әуендер қайда бүгінде деп далмын.

Жалпы, Жетісу ән, әуен, күй мұрасы жиналмаған, иесі жоқ, тарыдай шашылып жатқан дүние тәрізді көрінеді де тұрады маған.

Осы жоғарыда айтқан эттегенайлардың орнын толтырғандай болып, берісі Жетісу ән-күй өнерінің, арысы қазақ, әлем мәдениетінің мерейін шалқытқан, дәстүрді ілгері дамытқан өнер иесі Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы жайында бір-екі ауыз сөз айтқанды жөн көрдім.

Тәні жерге түскенмен, жаны өлмейтін адамдар болады. Олар уақыт өткен сайын жақынынан да жақынына, сырласына, қимасына айнала береді. Соның бірегейі – Нұрғиса Тілендиев.

Қазақ мәдениетінің жарық жұлдызы, биік мәртебесі Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев – атасының Құдайдан тілеп алған, әкесінің Алладан жалбарынып сұрап алған ұлы, анасының жарқырап туған күні, елдің тілегінен туған өнер құдірет.

Бұл турасында Нұрағанның өзі журналист інісі аяулы Серік Әбдірайымұлымен болған сыр-сұхбатында: «Мен дүниеге келерде әкем жарықтық қыз күтіпті. Шешем: «Қазақта жоқ қайдағы ырымды шығарып не басыңа күн туды? Кесірленсең тап осыдан қара да тұр, күрескенде жер қайыстырар балуан тауып беремін. Сіңірі шыққан сендей серіге не құт болар, не жұт болар», деп әкемнің уәжін әзілге жеңдіреді екен. Сөйтіп жүргенде, көктемнің көкөзек шағында, ел жайлауға үдере көшіп бара жатқан жолда мен туыппын. Әкеміз: «Өмірің жырлы, күнің нұрлы болғай, атыңды Нұрғиса қойдым», деп батасын беріпті. Бірақ, қай күні екені не әкенің, не шешенің жадында қалмапты», деп тебіренеді.

Тылсым табиғаттың, әлемнің небір ғажайыптары болатыны сияқты, адамзаттың да небір кереметтерінің, көсемдері мен шешендерінің, даралары мен даналарының болатынын біз жақсы білеміз. Арғысын айтпағанда, көзіміз көрген өнердің сондай даналары мен көсемдері: қара сөзде – Мұхтар Әуезов, ақындықта – Мұқағали Мақатаев, музыкада – Нұрғиса Тілендиев. Көзінің тірісінде аты аңызға айналған екі адам болса, бірі – Бауыржан Момышұлы, бірі – Нұрғиса.

Нұрғиса Тілендиев – қазақ даласын сахнаға айналдырып, сазға бөлеген жасампаз; музыка өнерінің ашылмаған жұмбағы, шешілмеген сыры; таусылмайтын кені, тот баспайтын асылы, сарқылмайтын бұлағы, сөнбейтін шырағы, талмайтын пырағы, қалқайған құлағы; лапылдаған жүрегі, құламайтын тірегі; ақиқат шындығы, асқақ үні; алтын дінгегі, мінсіз ұстасы; өшпейтін өнегесі, азбайтын рухы; әннің тіккен туы, асқар тауы, күйдің соққан желі, қара дауылы, ақ бораны; күйімен мауқымызды басқан, әні елге ем болған балгер; бармағынан бал тамған арқалы домбырашы, кеудесінен күй қоздаған күй-күдірет, музыка өнерінің сиқыршысы.

Нұрғиса – қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрдің соңғы үздігі. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәңір дарытқан төлтума қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қалды. Бұл ретте, Нұрғиса жерден қуат алатын Антей сияқты, қазақтың, туған жерінің ғасырлардан келе жатқан музыкалық дәстүріне табанын нық тіреп тұрып, өзінің арман-аңсарын еш жасқанбастан дыбысқа айналдыра білді. Ол өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыт тұғыры етіп отырды. Былайша айтқанда, көргенді күйттеп, естігенді жаттап отыратын, нотадан көзін бір алмайтын оркестрлік қасандыққа Нұрғиса буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп даңғазаға қорламай, қазақтың дәстүрлі музыкалық тіліндегі дарашыл қасиетті тәу етіп өтті.

Домбыраның құлағында ойнаған, домбыраның тілін білген, дегенін істеткен, оның өзін күдіретке айналдырған, қос ішекпен бірге еркелеп, бірге дауылдатқан, саусақтары сиқыршыдай ойнаған Нұрғисадай домбырашыны ешқашан көрген емеспін. «Мен домбыраны қайыммен де, басқа жеріммен де тартамын ғой», деуші еді жарықтық.

Нұрғисаның композитор, дирижер, орындаушы ретіндегі ойы көпке ортақ, тілі көпке түсінікті. Егер, сал-серілер өнері адамның жан жүрегін сиқыршыдай баурап жатса сол ұлы дәстүр Нұрғисаның да барша шығармашылық болмысында аста-төк болып, шалқып шашылып жатты. Дәл осы тұрғыда Нұрғиса қазақтың дәстүрлі музыкасының әрін тайдырмастан, нәрін жоғалтпастан тек қана өзіне тән профессионализмді қалыптастыра алды, өзіне дейін жасалған музыка өнерін әрі дамытты, Алатаудың мұзарт шыңына шығарды.

Нұрағанның жыр алыбы Жамбылдан алған тәлім-тәрбие, өнегесі өз алдына байтақ әңгіме. Ал Кенен Әзірбаев аузынан тастамай сүйсіне еске алатын Тіленді – Нұрағанның өз әкесі дәулескер күйші болған. Ол кісі домбыраны өткір пышақтың жүзімен де іліп тартады екен. Түбін қуа келгенде Тіленді – «күй шалғанда тау теңселіп, бұлт көшіп, қанатты, тұяқты біткен тұра қалып тыңдайтын» Байсерке күйшінің ұрпағы. Су төгілмес жорғадан Тіленді Атабайұлы, ал үніне құс қайырылған күйшіден, қара сырнаймен ән әуелеткен Салиха шешемізден аққуға тіл бітірген Нұрғиса туса, оны қалай текті демеске, музыка өнерінің киесі демеске.

Осы орайда Тілендінің «Аққуы» дейтін күйдің де басын ашып алу керек секілді. Бұл күй бұрын барлық орындалуында да Нұрғиса Тілендиевтің күйі делінетін. О баста арнасы, жобасы Тілендіде болуы мүмкін, ал күйдің құбылып Нұрағанның сиқырлы қолынан шыққандығын ажырату қиын емес. «Аққу» Тілендиевтің өзге күйлерімен рухтас, бір стильде жазылған. Ал Нұрағанның бұл «әкемнің күйі еді» дейтініне келетін болсақ, ұлы композитордың өзге де шығармалары жетіп жатқан соң, бір шығармасын әкесінің аруағына қиғандығы ма деп ойлаймын.

Нұрғиса домбыра тартуды бес жасында атасы Тілендіден үйренген. Күндердің күнінде ауылға пойызбен Ахмет Жұбанов келеді. Пойыздан түскен ол там үстінде домбыра тартып отырған бала Нұрғисаны көреді. Кейін баланың шешесіне барып: «Жеңге, атым – Ахмет. Пойыздан жаңа түскен бетте назарым балаңызға ауды. Баланың

бойында талант тұнып тұр, музыка мектебіне беру керек», деп қолқа салады. Нұрғиса осылай Алматыда музыка мектебінде, кейін консерваторияда білім алады.

Жас кезінде Нұрғиса домбырамен қатар бокс қолғабын да серік еткен екен. «Мынаны көрдің бе, алтынбайым» деп, анда-санда қолақпандай жұдырығын көрсетіп қоятыны да қызық еді. Алайда, ұстазы Ахмет Жұбанов: «Не бокс, не музыка!» деп шарт қояды. Нұрғиса өнерді таңдайды. Консерваторияда білім алып жүрген кезде ол күй саңлағы Дина Нұрпейісованың көзін көріп, бірталай күй үйренеді.

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері**